

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 31 шілдедегі № 116 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18 - бабына, 69 - бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының аумағында орналасқан жалпы ауданы 8,600 гектар жер учаскесінде "Урицк-Барвиновка" ӘЖ-35 кВ, "Сорочинка-Маяк" ӘЖ-35 кВ қос тізбекті учаскесін салу үшін "Межрегионэнерготранзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Сарыкөл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға әкім қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы қаулы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберіледі;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарыкөл ауданының әкімі

М. Шымырбеков